

"Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 287, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 266 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 500 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2022 жылғы 23 қарашадағы № 1185, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № КР ДСМ-135 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 445-НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 желтоқсанда № 30956 болып тіркелді

"Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 287, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 266 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 500 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 287, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 266 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 500 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16977 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 202-бабы 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫЗ:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидалары осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Сауда және интеграция министрі

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлінің міндетін атқарушы

_____ A. Финият

_____ С. Жумангарин

_____ Е. Биржанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 21 қарашадагы
№ КР ДСМ-135,
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Сауда және
интеграция министрі
2022 жылғы 22 қарашадагы
№ № 445-НҚ мен
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлінің міндетін
атқарушы
2022 жылғы 23 қарашадагы

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сактау министрінің

2018 жылғы 16 мамырдағы

№ 266, Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2018 жылғы 28 сәуірдегі № 287

және Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2018 жылғы 2 мамырдағы

№ 500 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сактау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сактау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы кедендейк реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 202-бабы 10-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сактау тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2-тaraу. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулерді сактау тәртібі

2. Шартты түрде шығаруға тауарларға арналған декларацияны тіркеген күні техникалық регламенттердің талаптарына тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттары жоқ, ішкі тұтыну үшін шығару кедендейк рәсімімен орналастыруға мәлімделген мына төмендегі тауарлар:

"Бірыңғай құжаттарды бере отырып, Кеден одағы шенберінде сәйкестікті міндетті бағалауға (растаяуға) жататын өнімнің бірыңғай тізбесі туралы" Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 шешімімен бекітілген бірыңғай құжаттарды бере отырып, Кеден одағы шенберінде сәйкестікті міндетті түрде бағалауға (растаяуға) жататын өнімдердің бірыңғай тізбесіндегі өнімдер (тауарлар);

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптары қолданылатын тауарлар;

Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінің талаптары қолданылатын тауарлар орналастырылады.

3. Шартты түрде шығарылған тауарлардың техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін растау үшін декларант сәйкестікті растау жөніндегі органдарға және (немесе) сынақ зертханаларына "Сәйкестікті бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілген сәйкестікті бағалау Қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттау жүргізуге арналған өтінім береді.

Шартты түрде шығарылған тауардың техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін растау рәсімінің нәтижелері бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органдар шартты түрде шығарылған тауардың техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін растау туралы құжатты (бұдан әрі – құжат) беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Құжатты беру туралы шешім қабылданған кезде сәйкестікті растау жөніндегі органдар "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында сәйкестікті міндетті бағалауға жататын өнімді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 130 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында сәйкестігі міндетті бағалауға жататын өнімді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу тәртібінің 4-тармағына сәйкес құжатты береді.

4. Техникалық регламенттер талаптарына сәйкестікті, техникалық реттеу бөлігіндегі тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау оларға қатысты тыйым салулар мен шектеулер "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес тауарларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде жүзеге асырылады және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тауарлар шығарылғаннан кейін (шартты түрде шығару) расталады.

5. Техникалық регламенттер талаптарына сәйкестікті растау, техникалық реттеу бөлігінде шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулердің сақтау үшін құжаттарды декларант "АСТАНА-1" Кедендік және салықтық әкімшілдендіруді автоматтандыру жүйесі (бұдан әрі – "АСТАНА-1" АЖ) арқылы және (немесе) қағаз жеткізгіште аумақтық мемлекеттік кірістер органына (бұдан әрі – аумақтық орган) ұсынылады.

Аумақтық орган құжаттарды ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды тауарларға арналған декларацияларда мәлімделген мәліметтерге сәйкестігін салыстыруды, сондай-ақ осы Қағидалардың 2-тармағының екінші және

үшінші абзацтарында көрсетілген тауарлар үшін Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімімен ("Берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 127 шешімімен бекітілген Берілген сәйкестік сертификаттары мен тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібінің талаптары бойынша қалыптастырылған) және осы Қағидалардың 2-тармағының төртінші абзацында белгіленген тауарлар үшін Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаттарының және сәйкестік туралы декларациялар тізілімімен (Бұйрықпен бекітілген сәйкестікті бағалау қағидаларының талаптары бойынша қалыптастырылады) салыстыруды жүзеге асырады.

Тізілімдегі осындай құжаттар туралы (құжаттардан) мәліметтер болған кезде аумақтық орган декларанттың құжаттарын салыстырып тексеру аяқталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей тауарларға арналған декларацияда көрсетілген мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жолымен шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты техникалық реттеу бөлігінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын раставиды. Шартты түрде шығарылған тауарлар тауарға арналған декларацияға түзетулерді тіркеген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауары мәртебесін алады.

6. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тауарлар шартты түрде шығаруға орналастыру кезінде декларант осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген мерзімде шартты түрде шығарылған тауарларға арналған сәйкестікті раставу туралы құжатты ұсыну туралы міндеттемені еркін нысанда "АСТАНА-1" АЖ арқылы және (немесе) қағаз жеткізгіште аумақтық органға ұсынады.

7. Сәйкестікті раставу жөніндегі органдар шартты түрде шығарылған тауарлардың түрлерін ескере отырып, техникалық регламенттерде белгіленген мерзімдерде сәйкестікті раставу рәсімдерін жүргізеді.

8. Аумақтық орган техникалық регалементтер талаптарына сәйкестігін техникалық реттеу бөлігінде тауарларды шығарғаннан кейін тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын раставын құжаттардың ұсыну мерзімін ұзартады.

Осы үшін декларант осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін аумақтық органға тауарларды сәйкестікке бағалауды жүзеге асыратын сәйкестікті раставу жөніндегі органдардан және (немесе) сынақ зертханаларынан техникалық ретету бөлігінде тауарларды шығарғаннан кейін тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын раставын құжаттарды ұсыну мерзімінің күнтізеблік күнінің санын және/немесе аяқталған күнін көрсете отырып, мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы хатты жолдайды.

Аумақтық орган ұсынған хаттардың деректерін кеден ісі саласындағы уәкілетті органға жібереді.

9. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган одан әрі техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестікті бағалау мерзімдерін ұзарту туралы хаттар ұсынған адамдар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген мерзімдерді бұзған адамдар туралы мәліметтерді жібереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК